



«Алинура» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс
жоспары

№	Тақырыбы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта қарап, бекіту және 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылап, бекіту. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, материалдық-техникалық базасы және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.	Қыркүйек	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2	Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысын нығайту. Тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру сапасына, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу және балалардың денсаулығын қорғау мәселелері.	Желтоқсан	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, шаруашылық меңгерушісі, медбике
3	2024–2025 оқу жылындағы білім беру және тәрбие жұмысының нәтижелері, тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы ақпарат. Балабақша аумағын абаттандыру, көгалдандыру және қауіпсіз ойын алаңдарын күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастыру. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық, сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының жоспарын қарастыру. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасау және бөбекжай меңгерушісінің жылдық есебін тыңдау.	Мамыр	Меңгерушісі, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

«Alinur» балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 10.09.2024 жыл

Қатысқандар:

«Alinur» балабақшасының меңгерушісі

А.Б.Аралова

Әдіскер А.С.Балжанова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеугабылова Аида Темирболатовна

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Оразғали Бақтыгүл

Ибрашева Нұрбина Марксызы

Жанғазы Диана Рүстемқызы

Мұратова Аида Мәлікқызы

Алишева Ғалия Уралқызы

Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту және 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.
2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, материалдық-техникалық базасы және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.

I. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту туралы ұсыныс енгізді. Баяндамашы Қамқоршылық кеңесінің мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастырудағы маңызды рөліне тоқталды. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары таныстырылып, кеңес мүшелерінің талқылауына ұсынылды.

Сөз алған: Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ұсынылған кеңес құрамын және жылдық жұмыс жоспарын қолдап, жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде сапалы орындау жөнінде пікірлерін білдірді.

Шешімі:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Жоспарланған іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.

II. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады.

Баяндама барысында топ бөлмелерінің, ас блогының, медициналық кабинеттің және бөбекжай аумағының санитариялық жағдайы, материалдық-техникалық

базаның дайындығы, жылу жүйесінің жай-күйі, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілген профилактикалық шаралар, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және санитариялық талаптарды сақтау мәселелері кеңінен қарастырылды.

Сөз алған: Мұратова Аида Мәлікқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарына оң бағасын беріп, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін тұрақты бақылауда ұстаудың маңыздылығын атап өтті.

Шешімі:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты бақылауға алынсын.
3. Санитариялық-гигиеналық және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы қатаң қадағалансын.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша төрайым болып Тлеугабылова Аида Темирболатовна сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 18.12.2024 жыл

Қатысқандар:

«Alinur» балабақшасының меңгерушісі

А.Б.Аралова

Әдіскер А.С.Балжанова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеугабылова Аида Темирболатовна

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Оразғали Бақтыгүл

Ибрашева Нұрбина Марксызы

Жанғазы Диана Рүстемқызы

Мұратова Аида Мәлікқызы

Алишева Ғалия Уралқызы

Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Күн тәртібі:

1. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара байланысын нығайту.
2. Тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру сапасына, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу және балалардың денсаулығын қорғау мәселелері.

I.Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова ата-аналармен өзара ынтымақтас-тықты жетілдіру бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Оқу жылының бірінші жартыжылдығында ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, мерекелік және тәрбиелік іс-шаралар, жеке кеңестер мен сауалнамалар ұйымдастырылғанын атап өтті. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайту, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне белсенді тарту және тәрбиелеу мәселелерінде бірлескен жұмыстың маңыздылығына тоқталды.

Сөз алған: Ибрашева Нұрбина Марксызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін арттыру, ортақ іс-шараларды көбейту және кері байланысты жүйелі ұйымдастыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Шешімі:

1. Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік байланысты нығайтуға бағытталған іс-шаралар саны арттырылсын.
3. Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуына жағдай жасалсын.

II. Тыңдалды: Медбике С.С.Сундеткалиева тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру сапасы және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы есеп берді. Баяндама барысында балалардың тамақтануы бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылып отырғаны, тағам өнімдерінің сапасы мен сақтау мерзімдерінің тұрақты бақылауда екені айтылды. Ас блогының санитариялық жағдайы, азық-түліктің қабылдануы, дайын тағамдардың сапасы және санитариялық нормалардың сақталуы жөнінде ақпарат берілді.

Сөз алған: Оразғали Бақтыгүл

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мен санитариялық талаптардың сақталуына жүргізілетін қоғамдық бақылауды тұрақты жалғастыру қажеттігін айтты.

Шешімі:

1. Тәрбиеленушілердің сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыру тұрақты бақылауда ұсталсын.
2. Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуына қоғамдық бақылау жүйелі жүргізілсін.

III. Тыңдалды: Баяндама барысында қыс мезгілінде ғимараттың жылу жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі, аумақты қар мен мұздан уақытылы тазарту, тайғақтың алдын алу, электр және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар таныстырылды. Медбике С.С.Сундеткалиева қыс мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу, балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру және санитариялық талаптарды сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сөз алған: Алишева Ғалия Уралқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қысқы кезеңде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау және профилактикалық жұмыстарды күшейту жөнінде ұсыныстар айтты.

Шешімі:

1. Қысқы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары тұрақты бақылауда ұсталсын.
2. Өрт, электр және еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуы күшейтілсін.
3. Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
4. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған санитариялық-сауықтыру іс-шаралары тұрақты ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 20.05.2025 жыл

Қатысқандар:

«Alinur» балабақшасының меңгерушісі

А.Б.Аралова

Әдіскер А.С.Балжанова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеугабылова Аида Темирболатовна

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Оразғали Бақтыгүл

Ибрашева Нұрбина Марксызы

Жанғазы Диана Рүстемқызы

Мұратова Аида Мәлікқызы

Алишева Ғалия Уралқызы

Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Күн тәртібі:

- 1.2024–2025 оқу жылындағы білім беру және тәрбие жұмысының нәтижелері, тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы ақпарат.
- 2.Балабақша аумағын абаттандыру, көгалдандыру және қауіпсіз ойын алаңдарын күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастыру.
- 3.Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық, сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының жоспарын қарастыру.
- 4.Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасау және бөбекжай меңгерушісінің жылдық есебін тыңдау.

I. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындылары туралы баяндама жасады. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері сараланып, тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының даму көрсеткіштері таныстырылды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бойынша мониторинг қорытындыларына талдау жасалып, оқу жылы ішінде қол жеткізілген жетістіктер атап өтілді. Тәрбиеленушілердің түрлі байқауларға, мерекелік іс-шараларға, шығармашылық жобаларға және спорттық жарыстарға қатысу белсенділігі туралы ақпарат берілді.

Сөз алған: Мұратова Аида Мәлікқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері оқу жылының нәтижелеріне оң бағаларын беріп, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап отырған педагогикалық ұжымның еңбегін атап өтті.

Шешімі:

- 1.2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Тәрбиеленушілердің жетістіктерін арттыруға бағытталған жұмыстар келесі оқу жылында да жүйелі жалғастырылсын.

II. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары туралы баяндады. Көктемгі санитарлық тазалық жұмыстарының жүргізілгенін, гүлзарлар мен жасыл желектерді күтіп-баптау, ағаш көшеттерін отырғызу, ойын алаңдарын жөндеу және сырлау жұмыстарының ұйымдастырылғанын хабарлады. Ойын құралдарының техникалық жағдайы тексеріліп, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Сөз алған: Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақша аумағын көгалдандыру және көркейту жұмыстарына ата-аналарды тарту жөнінде ұсыныстар айтты.

Шешімі:

- 1.Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жалғастырылсын.
- 2.Ойын алаңдарының қауіпсіздігі тұрақты бақылауға алынып, қажетті жөндеу жұмыстары уақытылы жүргізілсін.

III. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық туралы баяндама жасады. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспарын таныстырып, балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған шынықтыру, спорттық, экологиялық, танымдық және ойын-сауық шараларының мазмұнына тоқталды. Жаз мезгілінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, таза ауадағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру, су ішу режимін қамтамасыз ету, күн сәулесінен қорғану және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері қарастырылды.

Сөз алған: Дуйсалиева Гульнара Жасқайратқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтты.

Шешімі:

- 1.Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін.
- 2.Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілсін.
- 3.Қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.

IV. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасап, жылдық есеппен таныстырды. Есеп барысында Қамқоршылық кеңесінің жыл бойы атқарған жұмыстары, ата-аналармен жүргізілген ынтымақтастық, материалдық-техникалық базаны нығайтуға қосқан үлесі, әлеуметтік қолдау көрсету, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық бақылау жұмыстарының нәтижелері баяндалды.

Кеңес мүшелері есепті талқылап, Қамқоршылық кеңесінің жұмысына оң баға берді.

Шешімі:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Аlinur» балабақшасы меңгерушісінің жылдық есебі қабылдансын.
- 3.Қамқоршылық кеңесінің тиімді жұмыс тәжірибесі келесі оқу жылында жалғастырылсын.
- 4.Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова